

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) бизнес-серіктестер мен мүдделі тұлғаларға Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі жұмыс істейтінін хабарлайды. 2024 жылғы қарашада CERT International сертификаттау жөніндегі халықаралық орган өткізген қадағалау аудитінің қорытындылары бойынша, аталған жүйе ISO 37001:2016 халықаралық стандарттың талаптарына сәйкестігін растады.

Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі мақсаттары:

1) Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде тиімді шараларды іске асыру;

2) Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің, контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен олардың кез келген нысандары мен көріністеріндегі әрекеттерден бас тарту туралы Қоғамның ұстанымын біркелкі түсінуін қалыптастыру;

3) Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың туындау тәуекелдерін төмендету болып табылады.

Қоғам Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және ISO 37001:2016 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттың талаптарын сақтайды.

Осылайша, Қоғам өз қызметінде жоғары этикалық стандарттар мен айқындықты сақтауға ұмтылады.